

ӘОЖ 654.197

Б.Қ. Айтбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bakyt89.kz@mail.ru

Жас көрермендер аудиториясының зерттелуі

Мақалада жас көрермендер аудиториясы зерттелген. Теледидар және оның әсері туралы әлемдік зерттеулер негізге алына отырып жазылған. Теледидардың бала тәрбиесіне тигізер кері және оң әсерлері жайлы мағлұматтар берілді. Жас көрермендер аудиториясы тәуелділігіне, қабылдау ерекшеліктеріне қарай топқа бөліп қарастырылды. Телебағдарламалардағы танымдық бағыттың жанрына, пішініне, тілдік арақатынасына, ерекшеліктеріне талдау жүргізу әдістемесі қолданылды. Сонымен қатар теледидардың тәрбиелік, білім беру функциясының мүмкіншіліктеріне кеңінен тоқталды. Ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, өзіндік зерттеу жұмысы жүргізілді.

Түйін сөздер: жас көрермендер аудиториясы, балалар телебағдарламасы, ғылыми зерттеулер.

B.K. Aitbayeva

Research of audience young terezriteley

In article the audience of young TV viewers is investigated. On the basis of the world researches the analysis of television and its influence is carried out. Researches are presented: positive and negative influence of television on education of children. Audience of young TV viewers are considered and divided into control and dependent groups. Methods of carrying out the analysis of different features of the directions in TV program – genre, format, language, communication are used. Along with it, informative functionality of television is most in detail studied educational. Independent research work on the basis of scientific works of scientists was carried out.

Keywords: audience of young TV viewers, children's TV programs, scientific researches.

Б.К. Айтбаева

Исследование аудитории молодых телезрителей

В статье исследуется аудитория молодых телезрителей. На основе всемирных исследований проводится анализ телевидения и его влияния. Представлены исследования: положительное и отрицательное влияние телевидения на воспитание детей. Аудитория молодых телезрителей рассматривается и разделяется на контрольные и зависимые группы. Используются методы проведения анализа разных особенностей направлений в телепрограмме – жанровые, форматные, языковые, коммуникационные. Наряду с этим наиболее подробно изучаются воспитательные, познавательные-функциональные возможности телевидения. Была проведена самостоятельная исследовательская работа на основе научных трудов ученых.

Ключевые слова: аудитория молодых телезрителей, детские телепрограммы, научные исследования.

Теледидар бүгінгі таңда – қозғалыс, бұл өсу және ең бастысы оның аудиториясының өсуі. Қазіргі кезде теледидардың өрістеу процесі таңғажайып, еріксіз абдырататын тездікпен жүруде.

«Телевизия – адамзаттың тарихи-қоғамдық тәжірибесін кеңінен тарататын аса пәрменді насихат құралы, өнер мен әдебиеттің небір

үздік үлгілерін қалың көпшіліктің игілігіне айналдыратын, қажетіне жарататын дәнекер, ғылым-білімнің қайнар бұлағы. Телевизия жас баладан бастап, еңкейген кәріге дейін барша жұрттың сүйіктісі ғой. Көңіл қалдырған кезінде бер жағымыздан ұрыссақ та, ал шын мәнісінде ішіміз жылып тұрады. Сөйтіп, оны жақсы көрмеу, оның ыстық-суығына күймеу мүмкін

емес», – дейді өзінің «Көгілдір экран – өмір айнасы» атты еңбегінде С. Масғұтов.

Шынымен де, теледидар – өміріміздің ажырамас бір бөлшегі. Теледидар үнемі қозғалыста. Бірақ біз оны байқамаймыз. Теледидар – бізбен бірге өмір сүретін өнер. Ол қазіргі кезеңде жай ғана үйде болып жатқан процестерге қосылған. Оның өзі ғана – біздің өміріміздің белсенді бастауы.

Ең бастысы теледидар – бала тәрбиесіне, оның ой-өрісінің дамуына ықпал етуші аса пәрменді құрал.

Балаларға арналған бұқаралық ақпарат құралдарына деген маңыздылық, бүкіл әлем бойынша айтарлықтай артып келеді. Мұнда ерекше рөл теледидарға тиесілі. Бұл балаларға арналған телебағдарламаларды жасаушы және тәрбиелеу процесіне қатысушы журналистерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы мәселеге байланысты балалар аудиториясы, бұл ортада жұмыс істейтін психологтардан, педагогтардан және социологтардан қызығушылықпен және ықыласпен зерттеуді талап етеді.

Теледидар балалардың өмірінде едәуір орын алуда. Бұған байланысты балаларға тәрбие мен білім беруде оның әртүрлі функциясы маңызды, осыған орай, теледидардың рөлін ұғынуға қажеттілік туындайды.

Жапонияда ұзақ уақыт бойы мектепте оқыту және теледидар арқылы оқыту мәселесі бойынша зерттеу жүргізілген.

Эксперименттік жолмен алынған растаулар: бұл оқыту әдісі оқытылатын тақырыптың деңгейі мен сапасына әсер етпейді. Бұл дегеніміз, тәрбиелік көзқарастар бойынша, теледидар мен мектепте балаларды оқытуда айтарлықтай өзгешелікті жоюға көмектеседі. Балаларды мәжбүрлеп оқытуға қарағанда, теледидар бағдарламаларын өз еркімен көрген бала көп нәрсені есте сақтап қалады екен.

Балалар бағдарламалары – әлем бойынша қабылданған термин. Жас көрермендер аудиториясына бағытталып, бағытталған бағдарламалардың жүйесі ескеріледі. Мақсаты – жеткіншектерге жан-жақты тәрбие және білім беру. Формасы – қызықты болу. Балалар телехабары алуан түрлі хабарларды қамтиды: ақпараттық, публицистикалық, ғылыми-танымдық, оқыту, сондай-ақ ойын, көркемдік, документальдық.

Әлем бойынша, жас көрермендер аудиториясына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілген.

Ең алғаш Г.В. Абросимов өзінің «Особенности современной советской периодики для детей» кандидаттық диссертациясында жас көрермендер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қарым-қатынасы аясында зерттеу жүргізді.

Г.А. Галочкина телевизиялық журналистиканың теориялық мәселесін толықтыру негізінде зерттеді. Мұнда теледидардағы балаларға арналған барлық бағдарламалар қамтылмаған. Тек оның зерттеу объектісі телевизиялық хабарлардағы жастар мен жасөспірімдер жөніндегі мәселелер болды.

Ғ. Ыбыраева «Республикалық теледидардағы балалар хабарының типологиясы» атты кандидаттық диссертациясында қазақ теледидарындағы балалар хабарының тақырыптық, жанрлық және балаларға арналған хабарлардың басқа да ерекше құрылымын зерттеді.

Нью-Йорк университетінің қызметкерлері философия докторы Роберт Либерт, философия докторы Джон Нил және доктор Эмилия Дэвидсон «Раннее окно в мир: влияние телевидения на детей и юношество» еңбектерінде балалар психологиясын, сонымен қатар еліктеу арқылы оқыту проблемасын және теледидардың әсерін зерттеп, соның нәтижесінде фактілер мен статистикалық материалдарды талдады. Авторлардың пікірінше, теледидардан көрсетілген зорлық-зомбылық екі түрлі жолмен әсер етуі мүмкін. Біріншіден, жылдам және тікелей реакция туғызады. Екіншіден, ақырындап баяу әсер етеді. Болған жайтты көрермен есінде сақтап кейін қолдануы мүмкін екендігін анықтаған.

Коллинс пен Уэлман балалардың есте сақтау және танымдық қабілеттерін зерттеді. Авторлар теледидардың балалар үшін жақсы не жаман екендігіне қорытынды жасамайды.

Жас көрермендер телебағдарламаларға тәуелділігіне қарай төрт топқа бөлінеді:

1-көрермендер, қиял-ғажайыпқа бағдарланған;

2-шындыққа бағдарланған;

3-топ теледидарға өте қатты берілгендер;

4-топ қызығушылығы тұрақты емес, теледидарға қызығушылығы аз. Алты жастағы балалар 2-ші топта аз болады, бірақ он жаста айтарлықтай көбейеді екен. 3-16 жас аралығындағы балалар көп уақытын теледидар

алдында өткізеді. Балалардың көпшілігі теледидарды күнделікті көреді. Жасы келе теледидарға қызығушылығы азаяды.

Теледидардағы тәрбиелік функция нәтижесі екі негізгі факторға тәуелді:

1. Өнер туындысын ұсынушыларға (көрермен, тыңдармандарға не ұсынады, қалай ұсынады).

2. Көрермен, тыңдармандардың қабылдауына (қабылдауға қаншалықты дайын).

Психолог ғалым М. Семенюктің де көзқарасы осындай, ол бұл факторларды сыртқы және ішкі деп бөледі. Сыртқы фактор хабардың идеялық-көркемдік дәрежесіне, мазмұнына байланысты. Ішкі шарты – балаларды шығармашылық және жалпылама психологиялық қабылдауға, мәдени телебағдарламаларды көруге дайындау.

Негізгі факторлардың бірі, теледидардың тәрбиелік тапсырмасы: жас ерекшелігіне қарай балалардың жеке дамуын тіркеу және олардың қажеттілігін зерттеу.

Жас ерекшелігіне орай негізгі төрт топқа бөлінеді:

Мектеп жасына дейінгі балалар.

Төменгі сынып оқушылары.

Жасөспірім.

Жоғарғы сынып оқушылары.

3-7 жас аралығындағы балалар үшін, ең бастысы, ойын. Бала барлық танымдық дүниелерді ойын түрінде меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті көрнекі сипатқа ие, әсіресе олар нақты материалдарды жақсы қабылдайды. Бұл жаста танымдық даму процесі – қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы, шығармашылық қабілеті қарқынды дамиды. 3-7 жастағы балалардың сезімталдығы ойлау жүйесінен де күштірек болады. Сонымен қатар олардың музыкалық қабілеті ерте қалыптаса бастайды. Бұл музыкалық-репродуктивтілік деп аталады, яғни бала музыкаға мән беріп, оны есіне түсіре алады. Бұл уақытта сәбиді көруге және көрнекілік құралдарды, яғни суретші өз шығармашылығында қолданатын: жарық, түс, түс үйлесімділігі, форма және композицияны үйретудің маңызы зор. Сондай-ақ баланың әдеби қабілетінің дамуы да өте маңызды. Осы жаста олардың әдемілікке және тіл байлығына деген қабілеті оянады. Сондықтан балаға ертегілер оқып, шағын театрлық қойылымдар жасау қажет.

Төменгі сынып оқушылары үшін ойын маңыздылығын жоғалтады. Бұл уақытта рухани қабілеті, ойша жұмыс істеу қабілеті қалыптасады. Осы кезден бастап оқу қызметінің маңызы артады.

Жасөспірімдік шақта қоғамдық-пайдалы қызметтер, оның барлық түрлері: еңбек, көркемдік, қоғамдық, оқу, спорт маңызды.

Балалардың эмоционалды тәрбиесіне бей-жай қарауға болмайды. Психологтардың зерттеуі бойынша балалар 11 жасқа дейін ауыр сезімдерді бастан өткізеді, мысалы, жапа шегу (5-6 жас), ашу, ыза (7 жас), үрей, қорқыныш (9-10 жас), таңырқау (11 жас). Бұл «қайғылы кешен» деп аталады. Сондықтан бұл жас аралығындағы балалар ерлік салттарды белсенді түрде қабылдайды.

Бүлдіршіндердің өзіндік кейіпкер келбеті болады. Әдемі адам олардың көзқарасы бойынша мейірімді, жақсы, оң кейіпкер. Сыртқы келбеті жағымсыз кейіпкер олардың күлкісін не таңғалысын туғызады. Олардың ішінде тек жақсы таныстарын ғана ұнатуы мүмкін.

Балалардың қабылдау ерекшеліктеріне қарай: ер бала және қыз бала болып бөлінеді. Ер бала жанрлардың ішінде оқиға, күтпеген жағдай, қауіп-қатерлі әрекет негізінде құрылған фильмдерге көп мән береді. Ал қыз бала мелодрамаға қызығушылық танытады.

Жасы ұлғая келе теледидардағы ақпараттық-танымдық және қоғамдық-саяси көзқарастарға қызығушылық білдіре бастайды. Сондықтан да әр жастағы балалардың психологиясын біле отырып телехабарлар жасалады, бұл олардың қабілетін, қабылдау ерекшелігін, қызығушылығын дамытады және педагогикалық және көркем тәрбие беруге негізделеді.

Теледидарда әлеуметтік жүйе ретінде орын алатын функциялар – идеологиялық, ақпараттық, тәрбиелік, білім беру, рекреативтік, т.б. Балаларға арналған әрбір телебағдарлама тәрбиелік процесте өзіндік функцияға бөлінеді: ғылыми-танымдық, адамгершілік-тәрбиелік.

Баланың ойы мен қиялы үшін мүмкін емес ешнәрсе жоқ, сондықтан олар ертегі, миф, аңыздарды оңай қабылдайды. Олар үшін шындықтан қиял әлеміне өту қиын емес, мұндай жетістікке мектеп жасына дейінгі балалар мен төменгі сынып оқушылары ие. Ойын жағдайында берілген телебағдарламалар балаларға өмірдегі мәселелерді шешуге, ойлануына деген мүмкіндік.

Теледидар тәрбиенің әртүрлі аспектілеріне және мектеп оқушыларына білім беруде айтарлықтай әсер етеді. Теледидар және радиода балаларға арналып берілген оқыту және тәрбиелік хабарлардың ықпалы салыстырмалы түрде зерттелді. Онда радиоға қарағанда, теледидар арқылы берілген хабарларды балалар есінде ұзақ және жақсы сақтайтындығы дәлелденген.

1985 жылы Ұлыбританияда зерттеу жүргізілді, оның басты сұрағы, «Теледидар балаға жалпы мәлімет қорын бере алады ма немесе басқа құралдармен салыстырғанда білім алу мүмкіндігін тежейді ме?». Зерттеудің нәтижесі бойынша ақпараттық телебағдарламалар бала-көрерменнің білімін кеңейтеді. Мысалға америкалық «Улица Сезам» бағдарламасы келтірілген. Ғалымдардың пікірінше, дәл осы бағдарлама оқыту теледидардың бастауына септігін тигізді. Бағдарламаны шамамен 8 миллион бүлдіршін тамашалаған. «Улица Сезам» көрсетіле бастағаннан кейін, теледидар балалар білімінің деңгейін жоғарылатады деген тақырып аясында зерттеулер пайда бола бастады. Түсінік бойынша «оқыту теледидарының» екі түрлі жоспары бар: бір жағынан, бұл ерекше хабар тарату аймағы, ал екінші жағынан, қазіргі оқыту құралы.

Балалар теледидары – бұл балалардың тікелей атсалысуымен құрылған біртұтас процесс және балалар аудиториясына қызмет істеу болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің аудиториясына бағытталған теледидарға қойылатын талаптар:

оның ең басты мақсаты – енжар емес, белсенді ұрпақ өсіру;

балалар теледидары әрбір сәби үшін шығармашылықтың бастауы ретінде дамуы қажет. Егер кішкентай көрерменге өзінің фантазиялық нұсқасын ұсынатын болса, онда ол форма және мазмұны жағынан ашық, қызықты болуы керек;

комплекстік арнайы жасалынған хабарлар, жасөспірімдер үшін қиындық туғызатын әлеуметтік мәселелерді талдай білуіне жағдай жасауы қажет. Мұндай хабарлар қызықтыратын, жалғасы бар болғаны жөн, тек қана балаларға арналған емес, сондай-ақ ересектерге арналып, телеэкранның арғы жағынан отбасылық әңгіме өршуі керек;

телемәтіннің жанрлық құрылымы ширақ болуы қажет;

теледидардың техникалық мүмкіндіктері ескерілуі керек.

Психологияның белгілеуінше, экрандағы әртүрлі «кереметтер» бүлдіршіндердің жүйке жүйесіне зиян.

Вашингтон университетінің ғалымы Фредерик Циммерман 1500 баланы (3 жастан 12 жасқа дейін) бақылай келе, теледидарды төрт сағаттан аса қарайтындардың бұзақы болу ықтималдығы 30 пайызға артатындығын дәлелдеген. Одан тыс, ересектер арасында да күнұзағына теледидар көретіндер бұзақылық әрекеттерге бару етек алыпты.

Көршілес Ресей елінде тек қана балалардың мүддесіне қызмет ететін арнайы бірнеше телеарна бар. Онда көрсетілген бағдарлама, мультфильм, кино болсын кез келген өнім тек балаларға арналған. Соған қарамастан бұл елдің көптеген мамандары бала психикасына тигізетін кері әсерін айтып дабыл қағуда. Олардың айтуынша, баланың денсаулығына теледидардың зияны үлкен. Экраннан жиі жылжып өтетін қанық әрі түрлі түсті картиналар оның көзіне, ал түрлі бейнелердің лезде ауысуы олардың иммундық жүйесіне кері әсер етіп, жүрек пен мидың жұмысын жеделдетіп, баланың бір нәрсеге деген назар аударуын төмендетеді дейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе оның ішінде теледидар ересектерден гөрі балалардың өмірінде елеулі орын алатындығын ресейлік ғалым А. Журин зерттеген. Онда Ресей балаларының ақпарат құралдары өнімін пайдалану дәрежесі жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар 1992-1999 жылдар аралығындағы әртүрлі жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теледидардың алдыңғы орынға шыққаны көрсетіледі.

Сондай-ақ А. Журин зерттеу барысында өте маңызды тағы бір мәселеге көз жеткізген. Мысалы, балалардың ақпарат құралдарына риясыз сенетіндігі, яғни журналистердің бұрыс ақпарат беруіне негіз жоқ деп есептейтіндігі. Аталған деректерге сүйенсек, жеткіншектерді тұлға ретінде қалыптастыру барысында бұқаралық ақпарат құралдары белсенді құрал болады деуге толық негіз бар. Бірақ ғалым бұл әрекеттің кейбір жағдайда кері ықпал тигізетінін де естен шығаруға болмайтынын ескертеді. Ресейде жүргізілген сауалнаманың нәтижесі: сұралғандардың 67 пайызы теледидар

бағдарламалары балалар мен жасөспірімдерге кері әсер етеді деп есептейді. Тек 14 пайызы теледидар жастарға оң ықпал етеді, яғни нақты өмірге бейімделген еркін де бастамашыл адамдарды тәрбиелейді деген пікірде. Ал сауалнамаға қатысқандардың 13 пайызы электронды БАҚ-тың Ресей жастарының адамгершілік қасиеттеріне кері әсер етіп отырғанын сезінбейтінін айтады.

Теледидардың ықпалын жиырма бес жыл бойы зерттеп келе жатқан Дафна Лемиш өзінің «Жертвы экрана. Влияние телевидения на развитие детей» атты кітабында бұл мәселелерді жан-жақты қарастырған. Теледидар адамдардың өмірінде күшті ықпалға ие болғандықтан, ең бірінші өзінің қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Оның айтуынша, теледидардан беріліп жатқан зорлық-зомбылықтың ықпалынан бұрын мынадай факторлар алға шығады: баланың жеке мінездемесі, тегі және отбасының өмірлік тәжірибесі. Сонымен қатар бала теледидардың жағымды және жағымсыз ықпалына да душар болады.

Балаларға қатысты әртүрлі зерттеу пайымдары болғанымен, балалар дүниежүзі қоғамдарындағы осал мүшесі болып табылады деген ортақ көзқарас бар: физикалық тұрғыдан әлсіз, олар қорғауға, тәрбиеге зәру, өмірлік тәжірибе мен білім жеткіліксіз, олар үлкендерше ойламайды және оларға әлеуметтік және экономикалық ресурстар жеткіліксіз.

Осы ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, өзімнің зерттеу жұмысымды жүргіздім. Зерттеу нысаны – төрт жасар Сырым есімді ер бала. Менің мұндағы ең басты мақсатым бала

теледидардан беріліп жүрген телебағдарламалар мен мультфильмді қанша уақыт көреді және оған қаншалықты әсер етеді. Сырым күнделікті таңғы сағат 8-ден түскі сағат 3-ке дейін «31 арнадан» және «ОРТ» телеарнасынан берілетін шетелдік мультфильмдерді қарайды. Ал өзіміздің отандық мультфильмдерді кездейсоқ кездескен жағдайда ғана көреді. Телебағдарламалардан көбіне «Еркетайды» тамашалайды. «Қазақстан» телеарнасынан «Құйыршық» мультфильмі берілді. Сырым бұл мультфильмді қызыға тамашалап, өз қызығушылығын білдірді. Мультфильмдегі кейіпкерлердің сөзін қайталап қосылып айтып отырды. Мәселен, ата мен әженің кішкене балаға мынау шалбар, мынау аяқ киім, мынау бас киім деген киім атауларын және мынау шаңырақ, уық, кереге сынды киіз үй құрылысын үйрету мақсатында айтылған сөздері.

Балалар теледидардан көргендерін есінде ұзақ уақыт сақтайды деген тұжырым бойынша бірнеше күн өткен соң Сырымнан «Құйыршық» мультфильмінен үйренген киіз үй құрылысын сұрадым. Ол сұрағыма еш мүдірместен жауап берді. Осылайша, ғалымдардың зерттеуін өз тәжірибемге қолдандым.

Жалпы, ғалымдардың зерттеу нәтижесі әртүрлі. Бірі теледидардың пайдасын айтса, бірі зиянын айтады. Демек, теледидардың пайдасы да, зияны да болғаны. Теледидардың балаларға зиянды тұстары әсер етпеуі үшін зерттеулердің нәтижесін ескере отырып, өз практикамызда қолданған жөн. Балалар телебағдарламаларын осы зерттеулер аясында жасаған абзал. Себебі теледидар және біз – біргеміз.

Әдебиеттер

- 1 Медведева О.А. Телепрограммы для детей гионоличества: тематика, визуальная структура, особенности восприятие.
- 2 Альфара Сурайа. Телевешчание Сирии для детей и проблемы его воспитательной образовательной деятельности в период с 1961 по 2006 гг. – М.: Диссертация, 2006. – 163 с.
- 3 Кузнецов Г.В. Так работают журналисты ТВ: учебное пособие. – 2-е изд., доп. – М.: Изд-во «Моск. Ун-та», 2004. – 400 с.

References

- 1 Medvedeva O.A. «Teleprogramma dlya detey gionolichestva: tematika, visual-naya struktura, osobennosti vospriyatie»
- 2 Al-fara Suraya. «Televeshchanie Sirii dlya detey i probiemy ego vospitatel'noi obrazovatel'noi deyatel'nosti v period s 1961 po 2006 gg.» – М.: Dissertatsiya, 2006. – 163 s.
- 3 Kuznetsov G.B. «Tak rabotayut zhurnalisty TB: Uchebnoe posobie» – 2-e izd., dop. – М.: «Izd-vo Mosk. Un-ta», 2004. – 400 s.